



2025 ЖЫЛҒЫ 26 ҚАЗАНДА ӨТКЕН МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ № 10 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ШЫҒЫП ҚАЛҒАН ДЕПУТАТЫНЫҢ ОРНЫНА САЙЛАУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

2025 жылғы 26 қазанда Мағжан Жұмабаев аудандық мәслихатының № 10 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша шығып қалған депутатының орнына сайлау өтті.

Сайлаушылар тізіміне 1733 азамат енгізілді. Дауыс беруге – 1208 сайлаушы, оның ішінде есептен шығару куәліктері бойынша – 0, дауыс беруге арналған үй-жайлардан тыс – 56 қатысты.

Кандидаттардың жалпы саны – 3. № 10 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Мағжан Жұмабаев аудандық мәслихат депутаты сайлауының мынадай қорытындылары белгіленді:

Олонова Татьяна Владимировна үшін сайлаушылардың 197 дауысы берілді;

Сматов Қайнолла Тоқаұлы үшін сайлаушылардың 795 дауысы берілді; Ыбыраева Гүлден Рамазанқызы үшін сайлаушылардың 93 дауысы берілді; «Бөріне қарсымын» белгісі бар бюллетеньдер саны – 92.

Сайлау қорытындысымен Мағжан Жұмабаев аудандық мәслихатының № 10 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша депутаты болып – Сматов Қайнолла Тоқаұлы сайланды, ол 1964 жылы туған, Мағжан Жұмабаев ауданының «АМАНАТ» Партиясы» ҚБ-нің жауапты хатшысы, Бұлаев қаласында тұрады, «АМАНАТ» Партиясы» ҚБ ұсынған.

Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясы.

**ЖҰМЫС
БЕРУШІЛЕР
НАЗАРЫНА!**

**ЖАҢА
МАНСАП
ОРТАЛЫҒЫ**

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 2026 жылға арналған субсидияланатын жұмыс орындарын ұйымдастыру үшін жұмыс берушілерден өтінім қабылдау мерзімінің өзгергенін хабарлайды.

Жаңа өтінім беру мерзімі: 2025 жылдың 1-ші желтоқсанынан бастап 31-ші желтоқсанға дейін.

Өтінімдер электрондық форматта «Электрондық еңбек биржасы» (Enbek.kz) цифрлық платформасы арқылы қабылданады.

Мағжан Жұмабаев ауданының мансап орталығы.

АНА ЕҢБЕГІНЕ БЕРІЛГЕН МАРАПАТ

Республика күніне арналған салтанатты іс-шарада *Әулиебек ауылының тұрғыны — Гүлнұр Ахаева Қазақстан Республикасы Президентінің атынан «Марапат» медалімен марапатталды.*



Айтулы марапатты Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов табыстап, Гүлнұр апайдың өскелең ұрпақты тәрбиелеу мен отбасы құндылықтарын нығайтуға қосқан зор үлесін атап өтті.

Гүлнұр Қозыбайқызы - Оңтүстік облысының Шымкент қаласында дүниеге келген. 2017 жылы отбасымен бірге «Еңбек» бағдарламасы аясында Солтүстік Қазақстан облысына қоныс аударып, Мағжан Жұмабаев ауданына көшіп келді.

Ол — жеті туған және он асыранды баланың анасы, барлығы 17 бала тәрбиелеп отырған қонбалалы ана. Жолдасымен бірге мектепте жұмыс істейді, өз балаларына ғана емес, ауылдың жас ұрпағына да тәлім-тәрбие беруде.

Гүлнұр Қозыбайқызының балалары қоғамдық өмірге белсене араласады, жақсы оқиды, қазақ әдебиетін үйреніп, Мағжан Жұмабаев поэзиясы бойынша байқауларда жүлделі орындарға ие болып жүр.

Гүлнұр Ахаева — аналық махабатпен, мейіріммен үлгі.

Мағжан Жұмабаев ауданы осындай еңбегі мен жүрегі арқылы әлемді мейірімді ететін адамдарымен мақтанады!

Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің баспасөз қызметі.

МЕРЕКЕДЕ МАЙТАЛМАН МАМАНДАР МАРАПАТТАЛДЫ

Салтанатты кеш көркемөнерпаздардың қойылымымен басталып, «Ханшайым» би тобының орындауындағы бимен ашылды. Содан кейін сахнаға Қазақстан Республикасының күніне, еліміздің егемендігі туралы декларацияның қабылданғанына 35 жыл толуына және Құтқарушылар күніне арналды.

Бүл күні салтанатты іс-шара бәріміз үшін маңызды әрі мерейлі мереке - Қазақстан Республикасының күніне, еліміздің егемендігі туралы декларацияның қабылданғанына 35 жыл толуына және Құтқарушылар күніне арналды. Сахна төріне көтерілген аудан әкімі Рахат Смағұлов мағжандықтарды айтулы мерекемен шын жүректен құттықтап, ізгі тілектерін арнады.

- Құрметті жерлестер! Қадірлі ағайын! Сіздерді Республика күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Бүгін — еліміздің тарихындағы аса маңызды күндердің бірі.

Осыдан 35 жыл бұрын, 1990 жылғы 25 қазанда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылданды.

Бүл күн — еліміздің тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуының бастауы, әрбір қазақстандықтың жүрегінде ерекше орын алатын, елдік пен бірліктің, татулық пен тұрақтылықтың мерекесі.

Бүгінде Қазақстан — бейбітшілік пен келісімнің ордасы, әлемге өзін танытқан, экономикасы дамып, мәдениеті өркендеген мемлекетке айналды. Әрбір азаматтың адал еңбегі мен Отанға деген құрметі — осы жетістіктердің негізі.

Құрметті Азаматтық қорғаныс қызметі ардагерлері мен құтқарушылары! 19 қазанда Азаматтық қорғаныс жүйесіндегі Құтқарушылар күні атап өтілді.

Құтқарушылар — қоғамның қауіпсіздігі мен тұрақтылығы үшін маңызды қызмет атқаратын батырлар. Олардың жанқиярлық еңбегі кез келген елдің дамуы мен қауіпсіздігі үшін аса маңызды.

Жалғасы 2-бетте.

Өткен аптада орны өзгеше биік құттық мерекеге бүкіл елімізгегі сияқты киелі Мағжан елінде де ерекше мән, қолға бөлінген салтанатты жағдайда, жоғары деңгейде аталып өтті. Аудандық Мәдениет үйінің дәлізінде өз саласында үздік атанған мамандық иелерінің суреттері ілініп, оларға үлкен құрмет көрсетілді.



МЕРЕКЕДЕ МАЙТАЛМАН МАМАНДАР МАРАПАТТАЛДЫ



Жалғасы, басы 1-бетте.

Сіздерге шын жүректен қажымас қайрат, кәсіби шеберлік, мықты денсаулық және қауіпті жұмысыңызға сәттілік тілеймін.

Құрметті жерлестер!

Қазақстанның тұрақты дамуы мен ұлттық стратегиялық мүддесі жолында әрбіріңіздің еңбектеріңіз табысты, барлық бастамаларыңыз сәтті болсын!

Сіздерді тағы да ұлттық мереке - Қазақстан Республикасының күнімен құттықтаймын.

Сіздерге мықты денсаулық, бақыт, бейбітшілік, келісім, біздің ортақ Отанымыз - Қазақстан Республикасының игілігі жолында жаңа жетістіктер тілеймін, - деді Рахат Назымбекұлы.

Қастерлі мерекеде аудан әкімі Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 25 қыркүйектегі №1002 Жарлығына сәйкес, Булаев қаласының тұрғыны, 7 бала

тәрбиелеп отырған көпбалалы ана Надежда Сергеевна Яковлеваға «Алтын алқа» алқасын табыс етті. Сондай-ақ аудан басшысы бірқатар азаматты көпжылғы адал еңбегі, облыстық әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан елеулі үлесі және қоғамдық өмірге белсенді араласқаны үшін Қазақстан Республикасы күнін мерекелеуге байланысты облыс әкімінің Құрмет грамоталарымен және Алғыс хаттарымен марапаттады.

Сондай-ақ Рахат Смағұлов әр салада аянбай еңбек етіп келе жатқан мағжандықтарға және құтқарушыларға ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі, көпжылдық адал еңбегі үшін және Қазақстан Республикасы күнін мерекелеуге байланысты аудан әкімінің Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттарын табыс етті.

Қазақстандықтар үшін үшін маңызды мереке күні азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар саласындағы адал еңбегі мен ерлік көрсеткені үшін 12-ші өрт сөндіру бөлімі бастығының орынбасары Ерлан Елубаевқа салтанатты түрде пәтер кілті табыс етілді.

Мереке барысында ауданның көркемөнерпаздары патриоттық өндер орындап, ұлттық биден шашу шашты. Олардың өнері көпшілікке көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, мағжандықтарға ерекше рух берді.

Бүгінгі таңда ауданымыздың әрбір азаматы әр салада қызмет етіп, еліміздің дамуына өз үлесін қосуда. Олардың ерен еңбегі бұл күні елеусіз қалған жоқ. Жыл қорытындысы бойынша ауданда үздік мамандық иелері анықталып, олар сахнаға шақырылып, номинация бойынша марапатталды.

Марапаттау үшін сахнаға аудандық аурухананың офтальмолог дәрігері, 40 жылдық еңбек етілі бар денсаулық сақтау саласының үздігі және ардагері Валентина Шкред, «AMANAT» партиясы аудандық филиалының төрағасы Қайнолла Смадов, аудандық қоғамдық кеңесінің төрайымы Нуржиган Кукла шақырылып, олар Жұмысшы мамандықтар жылына орайластырылған марапаттарды табыс етті.

Мерекелік шара Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектеп оқушыларынан құралған «Рух» хорының «Жаса елім» атты патриоттық өнімен қорытындыланды.

Еркін ТӨЛЕГЕН.



РЕСПУБЛИКА КҮНІ БУЛАЕВ ҚАЛАСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ТУ САЛТАНАТТЫ ТҮРДЕ КӨТЕРІЛДІ

Республика күні - ел үшін саяси да, рухани тұрғыдан аса маңызға ие мереке. Бұл күн - елдігімізді айқындап, мемлекеттігімізді нақтылаған тарихи сәт. Мәселен, 1990 жылғы 25 қазанда қабылданған Мемлекеттік егемендік туралы Декларация - еліміздің тәуелсіздікке бастаған алғашқы тарихи қадамы болды.

Орталық алаңға жиналған жұртшылық Мемлекеттік Тудың биікке көтерілуіне куә болып, бәрі қосылып Қазақстан Республикасының Әнұранын шырқады. Бұл күні Мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету үшін келген мағжандықтарды аудан әкімі Рахат Смағұлов құттықтап, ізгі тілектерін арнады.

- Құрметті жерлестер! Қадірлі ағайын! Баршаңызды Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл - біздің тәуелсіздігіміздің, ел бірлігінің және халық рухының мерекесі. Республика күні - әрбір қазақстандықтың жүрегінде ерекше орын алатын күн. Өйткені бұл күн - біздің тарихымыздың жаңа беті ашылған, тәуелсіздіктің туы желбіреген ұлы сәттің нышаны.

Біздің өңіріміз - Мағжан Жұмабаев ауданы да еліміздің өркендеу жолына өз үлесін қосып келеді.

Бізге ауыл шаруашылығы дамып, жаңа жұмыс орындары ашылуда, әлеуметтік нысандар жаңарып, халықтың әлаукауты жақсарып келеді.

Бұл жетістіктер - Сіздердің қажырлы еңбектеріңіздің нәтижесі.

Республика күніне орай Булаев қаласының орталық алаңында орналасқан Қазақстан Республикасының рәміздері стелласында Мемлекеттік Ту салтанатты түрде көтерілді. Маңызды іс-шараға аудан әкімі, жергілікті орган басшылары мен ұжымдары, күштік құрылымдардың қызметкерлері мен қала тұрғындары қатысты.



Біз өз тарихымызды, халқымызды, дәстүрлерімізді мақтан тұтамыз. Биылғы жылы мемлекеттік наградаларға қол жеткізген жерлестерімізді атап өткім келеді.

Президенттің Жарлығына сәйкес өндірістік қызметтегі аса үздік еңбегі, агроөнеркәсіп кешенін дамытуға қосқан айрықша үлесі үшін солтүстікқазақстандық жерлесіміз,

«Мәмбетов және К» КС механизаторы Мурат Кеңесұлы Қаражұмановқа жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі - «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы беріліп, айрықша ерекшелік белгісі - Алтын жұлдыз бен «Отан» ордені тапсырылды.

Сондай-ақ Президент Жарлығымен Мағжан Жұмабаев ауданының басқа да тұрғындары марапатталды.

Атап айтқанда, «Ноғайбай» ЖШС Бас директоры Алтынбек Сейпілұлы Сапаровқа 2-ші дәрежелі «Еңбек Даңқы» ордені табыс етілсе, 17 баланы тәрбиелеп отырған Сулышоқ ауылының тұрғыны Гүлнұр Қозыбайқызы Ахаева «Шапағат» медалін иеленді. Мағжан Жұмабаев ауданының агроөнеркәсіптік кешеніндегі аумақтық инспекцияның басшысы Амангелді Оралбайұлы Сағындықов «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Құрметті ағайын! Бүгінгі мереке - әрбір азаматқа шабыт, жаңа серпін, болашаққа сенім сыйласын.

Тәуелсіздігіміз тұғырлы, бірлігіміз бекем болсын! Еліміздің көк туы әрқашан биікте желбіреп, бейбітшіліктің, достықтың және бірліктің нышаны болып қала берсін, - деді Рахат Назымбекұлы.

Республика құндылықтарын, ұлттық бірлік пен елдік мұраттарды айшықтайтын ерекше сәт - Мемлекеттік Тудың салтанатты көтерілу рәсіміне куә болған аудан тұрғындары патриоттық өндерді тыңдап, ерекше сезімге бөленді.

МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ РЕФОРМАЛАР

- Ержан Навыжанұлы, қазіргі таңда мемлекеттік басқарудың жүйесін өзгерту үшін кешенді реформалар жүргізілуде. Бұл реформалар облысымызда қалай жүзеге асырылуда және оң нәтижелер бар ма?

- Бүгінгі таңда мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелеріне бүкіл мемлекеттік басқару жүйесін жаңартудың маңызды миссиясы жүктелген.

2024 жылдың шілде айынан бастап облыста мемлекеттік қызметке орналасуға іріктеудің жаңа жүйесі енгізілген. Іріктеу «e-quzmet» жүйесінің сыртқы порталы арқылы жүзеге асырылады. Үміткерлер «e-quzmet» веб-сайтында тіркеліп, осы қадамдардың барлығын online тәртібінде өтулері қажет. Үміткерлер өздерінің жеке қасиеттерін, сандық және мәтіндік ақпаратпен жұмыс істеу қабілеттерін бағалау үшін тәжірибелерін өтеді. Прокторинг жүйесі кез келген адам факторын жойып, іріктеу процесінің толық ашықтығын қамтамасыз етеді. Бұл тәжірибе бүкіл әлемде кеңінен қолданылып, тиімді HR - құралы ретінде өзін көрсетті.

Жоба жүзеге асырылғалы бері облыста бір мыңға жуық кандидат мемлекеттік қызметке тағайындалды.

Конкурстық рәсімдерге электронды түрде қатысу уақыт пен адам ресурстарын айтарлықтай үнемдейді. Енді үміткерлердің заң білімі бойынша тест тапсыру үшін облыс орталығына барудың қажеті жоқ.

2024 жылдың қазан айында ротациялау мерзімдері, ротациялануға жататын мемлекеттік қызметшілердің санаттары және лауазымдары жөніндегі Ережеге түзетулер енгізілген болатын.

Ротация мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу, мемлекеттік қызметшілердің кәсіби әлеуеті мен басқару тәжірибесін тиімді пайдалану үшін өткізіледі.

Бұған дейін ротацияға тек мемлекеттік органдардың басшылары және аудан, Петропавл қаласы әкімдері ғана жататын, енді ротацияға олардың орынбасарлары да жатады.

Жыл басында 27 мемлекеттік қызметші ротацияға жатқызылса, оның үшеуі ғана ротациядан өтпеген, өйткені уақыттары келмеген.

Қалған мемлекеттік қызметшілер бойынша мемлекеттік органдардың басшылары өздері және мемлекеттік қызмет саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша ротациялау мерзімдерін ұзарту немесе ротациялау жөніндегі шешім қабылдады. Ротациядан бас тартуға байланысты, екі мемлекеттік қызметші жұмыстан босатылса, біреуінің лауазымы төмендетілді, 1 адам зейнет жасына жеткеніне байланысты ротациядан босатылды.

Мемлекеттік қызметке кіру, өткеру және мемлекеттік қызметтен шығу рәсімдері айтарлықтай жеңілдетілді.

Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңның 15 бабына өзгерістер енгізілді. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының жалпы орта баллы 3,33-тен кем емес түлектер Академияның бітіргеннен кейін бір жыл ішінде өкілдердегі басшы лауазымдарға конкурстық тағайындалулары мүмкін.

Сондай-ақ, мемлекеттік білім гранты бойынша оқуды аяқтаған, GPA 3,33-тен төмен емес жоғары оқу орындарының түлектері аудандық және ауылдық мемлекеттік органдардың төменгі тұрған мемлекеттік лауазымдарына конкурстан тыс тағайындалуға құқылы. Облысымызда мұндай 20 жас мемлекеттік қызметші бар. Олар ауылдық округ әкімдерінің, аудан әкімдерінің аппараттарында, орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінде жұмыс істейді.

Тағы бір жаңалық - «Б» корпусының

Қазақстанда мемлекеттік басқаруды дамытудың негізгі бағыттарының бірі - қызметкерлерді басқару жүйесін жақсарту, мемлекеттік қызметшілердің кәсіби құзыреттерін дамыту және мемлекеттік органдардың транспаренттілігін қамтамасыз ету арқылы оның тиімділігін арттыру. Соңғы жылдары Қазақстан бюрократиялық рәсімдерді оңайлатуға, көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын жақсартуға және азаматтар мен бизнес үшін ақпараттың қолжетімділігін арттыруға бағытталған бірқатар стратегиялық реформаларды іске асыруда. Осыған орай, біз Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің басшысы Ержан Қарымсақовпен сұхбат құрған едік.



басшы лауазымдарына олардың салалық тәжірибесі мен таңдаған лауазымының функционалдығын ескере отырып, нақты сектордан үміткерлерді тікелей тағайындау мүмкіндігі.

Қазіргі уақытта мансаптық және позициялық үлгілердің элементтері бар мемлекеттік қызметтің жеке гибриді моделі әзірленген. Жас мемлекеттік қызметшілер төменгі лауазымдардан бастап, мансаптық көтерілу керек болғанымен, сонымен қатар экономика саласынан тәжірибелі мамандарды конкурстық тартуға мүмкіндік бар.

Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органың келісімі бойынша ветеринария, денсаулық сақтау, мәдениет, тілдерді дамыту және мұрағат ісі, білім, жол-лаушылар келігі және автомобиль жолдары, дене шынықтыру және спорт, денсаулық сақтау басқармаларының басшылары конкурстық тағайындалды.

Өзгерістер мемлекеттік қызметке қабылдау кезінде қойылатын біліктілік талаптарына да әсерін тигізді. Егер бос лауазымға үміткер таңдаған лауазымының функционалдығы бағытына сәйкес келсе, мемлекеттік қызметтегі, квазимемлекеттік және жеке сектордағы жалпы жұмыс өтілі есепке алынады.

Ротациялауға жататын орталық мемлекеттік органдардың құрылымдық немесе аумақтық бөлімшелері басшы-лардың, облыстық және аудандық деңгейдегі жергілікті атқарушы органдардың, ведомстволар басшыларының орынбасарларының лауазымдары үшін сол салада кемінде он екі жыл практикалық жұмыс тәжірибесі болған жағдайда тиісті мамандық бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің болуы талап етілмейді.

Бұл ретте, ротациялауға жататын олардың орынбасарлары үшін сол салада кемінде он жыл практикалық жұмыс тәжірибесі болған жағдайда тиісті мамандық бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің болуы талап етілмейді.

Тағы өзгерістердің бірі «Келісімшарт бойынша жұмыс істейтін қызметкер» ұғымы енгізілді. Егер мемлекеттік органда белгілі бір салалық мәселе бойынша тапсырманы орындау қажет болса, ол белгіленген мерзімге конкурстық тиісті маманды тарталады.

Мемлекеттік қызметшілердің қызметін бағалау әдістемесіне де түзетулер енгізілді. Заңнамда 4 тоқсан қатарынан жоғары баға алған қызметкерлерді тікелей тағайындау мүмкіндігі қарастырылған. Алайда, мемлекеттік қызметші екі тоқсан қатарынан «қанағаттанарлықсыз» деген баға алса оның лауазымын төмендетуді, ал төменгі лауазым болмаған жағдайда жұмыстан шығару қарастырылған.

Бүгінгі күні, барлық HR- үдерістері цифрландырылған, мемлекеттік қызметшілер «e-quzmet» мобильді қосымшасы арқылы кез келген өтінішті беріп, өз қызмет нәтижесіне қойылған бағамен таныса алады және басқа да іс-әрекеттерді осы жүйеде жасай алады.

Жастарды мемлекеттік қызметке тарту бағытында қандай жұмыстар атқарылуда, қандай үрдістер байқалады?

-Бүгінде жастардың мемлекеттік қызметке келулеріне, әсіресе, дарынды жастарды жоғары лауазымдарға тағайындауына және жеке сектордан мамандарды тартуға барлық жағдай жасалған.

Мемлекеттік аппаратқа Отанға қызмет етуді парыз санайтын білімді, еңбекқор жастар қажет.

Биыл Президенттік жастар кадрлық резервіне төртінші іріктеу өтті. Бұл бастама Мемлекет басшысына тиесілі және 2019 жылдан бері сәтті жүзеге асырылып келеді. Біздің облыстан іріктеуге 200-ден астам үміткер қатысты, қазір іріктеу қорытындысы шығарылуда.

Бұл ел жастары үшін әлеуметтік лифт болмақ.

2024 жылы облысымызда 20 адамнан тұратын Өңірлік кадр резерві жасақталып, оның 7-і мемлекеттік органдардың әртүрлі деңгейіндегі басшылық қызметтерге тағайындалды.

Президенттік жастар кадрлық резервіне және өңірлік резервке қабылданған тұлғалар нақты лауазымының функционалдығы бағыттарына сәйкес салаларда білімі болса, жекелеген санаттардағы басшылық лауазымдарға тағайындалулары мүмкін.

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының түлектеріне мемлекеттік қызметке кіруге мүмкіндіктер жасалды. Аудандық және қалалық деңгейдегі жергілікті атқарушы органдардың басшылары, басшылардың орынбасарлары,

сектор меңгерушілері, бас мамандарының бос лауазымдарына кәсіптік білімі бар колледж түлектерін алуға рұқсат етіледі. Төменгі деңгейдегі лауазымдар үшін жұмыс тәжірибесі талап етілмейді.

Сондықтан, колледж түлектері жоғары оқу орындарының түлектерімен тең жағдайда ER-1, ER-2, ER-3, ER-4 санаттары бойынша жергілікті атқарушы органдардың бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына орналаса алады.

Солтүстік Қазақстан облысындағы мемлекеттік қызметшілердің кадрлық әлеуеті туралы не айта аласыз?

-Тиімді мемлекеттік аппарат қанахалықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыруға, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге қабілетті.

Облыста 473 мемлекеттік орган бар, оның ішінде 362 - жергілікті атқарушы органдар.

4 мыңға жуық мемлекеттік қызметші қызметтің әртүрлі салаларында жұмыс істейді.

Мемлекеттік қызметшілердің кәсіби құзыреттілігін арттыру бойынша белсенді жұмыстар жүргізілуде.

Жыл сайын 1500-ден астам мемлекеттік қызметші біліктілігін арттыру курстарынан өтеді. Биыл 123 ауылдық округ әкімі арнайы қайта даярлау курстарынан өтті.

Биыл 100-ден астам мемлекеттік қызметші жоғары мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор ұйымдарында тағлымдамадан өтеді.

Облыста шетелдік білімі бар 145 мемлекеттік қызметші, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының 16 түлегі, «Болашақ» халықаралық бағдарламасының 2 түлегі, Президенттік жастар кадр резервінің 2 резервшісі басшылық лауазымдарда қызмет атқарады.

Жас кадрларды мемлекеттік қызметке тарту мақсатында ерте кәсіптік бағдарлау жұмыстары жүргізілуде.

Департамент жанынан он жылдан бері Жас мемлекеттік қызметшілер мектебі жұмыс істейді, оның 170-тен астам түлегі бар, олардың 6-уы Таланттар пұлына қабылданды.

Университет пен колледждердің бітіруші курс студенттері үшін ашық есік күндері мен бос жұмыс орындары жәрмеңкелері ұйымдастырылады.

Жас мемлекеттік қызметшілерге кәсіби бағайдылу ұйымдастырылып, тәлімгерлер тағайындалады.

Департамент жанынан «Тәлімдер кеңесі» консультативтік-көмекші органы құрылған, ол мемлекеттік қызмет ардагерлерінің қатысуымен мемлекеттік қызметтегі сабақтастық алаңы болып табылады.

Ержан Навыжанұлы, мемлекеттік қызметшілердің жұмысына не айтар едіңіз?

-Мемлекеттік қызметте жұмыс істеу жоғары жауапкершілікті, үнемі өзін-өзі жетілдіруді, жоғары кәсібилікті, терең білімді талап етеді. Мұны әрқашан есте сақтау қажет.

Әлеуметтік және экономикалық өзгерістер көп жағдайда мемлекеттік қызметшілердің күнделікті жұмысына байланысты.

Жас мемлекеттік қызметшілердің жұмыста қиындықтардан қорықпауға шақырамын, өйткені тәжірибелеріңіз жетілдіріледі.

Жүйені іштей ұянайы түсіну үшін ауылдық округ әкімі аппаратындағы бас маманнан бастап, аудандық, облыстық деңгейдегі басшы лауазымға дейін жоғарылау керек.

Бүгінде мемлекеттік қызметте жас, білікті мамандарға барлық жағдай жасалған. Мемлекеттік қызмет барлығына ашық. Жас мамандарға «Дипломмен ауылға» бағдарламасы шеңберінде әлеуметтік көмек алуға болады, ал еліміздің ең үздік жоғары оқу орындарының түлектері үшін конкурстан тыс тағайындалу мүмкіндігі жасалған.

Жастарды мемлекеттік қызметке кіріп, ел дамуына өз үлестерін қосуға шақырамын.

Сұхбатыңызға рахмет!

АУДАН ТҮРГЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

КӨМЕК ЖАНЫҢЫЗДА

Мағжан Жұмабаев ауданында Отбасын қолдау орталығының мобильді тобы жұмыс істейді. Қазірдің өзінде 90-нан астам маман жергілікті жерде адамдарға көмектесуде - егер Сізге немесе жақындарыңызға қолдау қажет болса, хабарласыңыз.

жұмыс істейді. Олардың қызметі аудан әкімдігінің 2025 жылғы 10 шілдедегі №123 қаулысына сәйкес жүзеге асырылады. Мобильді топтар аудандың барлық ауылдық округтерінде және Булаев қаласында құрылған.

Олардың құрамында 90-нан астам маман бар - бұл білім беру, денсаулық сақтау, құқық қорғау, әлеуметтік қорғау және халықты жұмыспен қамту органдарының өкілдері. Топтардың жұмысын жергілікті атқарушы органдар үйлестіреді, ал құрамын аудан әкімі бір жыл мерзімге бекітеді.

Мобильді топтардың басты мақсаты — көмекке мұқтаж азаматтар мен отба-

сыларды анықтап, оларға жедел түрде қолдау көрсету. Бұл көмек мыналарды қамтиды:

- Әлеуметтік төлемдер мен жәрдемақыларды рәсімдеу;
- Зандық және психологиялық көмек көрсету;
- Тәрбиелеу, білім беру және денсаулық сақтау мәселелері бойынша кеңес беру;
- Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу;
- Құжаттарды қалпына келтіру және тіркеу бойынша көмек;
- Отбасылық қиындықтар қаупі бар отбасылармен жұмыс жүргізу.
- Біз көмекті сұрап келуін күтпейміз - өзіміз барамыз, адамның неге мұқтаж

екенін анықтап, көмектесу үшін барлық ресурстарды тартамыз, - дейді мобильді топтың өкілі. - Ең бастысы — немқұрайлы болмау және қиын жағдайда қалғандарды қолдауға деген ниет.

Мобильді топтар әкімдіктермен, мектептермен, үшәкілдік инспекторлармен және басқа да құрылымдармен тығыз байланыста жұмыс істейді, бұл көмекті тез әрі кешенді түрде көрсету мүмкіндігі береді.

Егер Сіз немесе таныстарыңыз өмірлік қиын жағдайға тап болса - уақыт оздырмай, келесі мекенжай бойынша қолдау сұраныңыз.

Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Мир көшесі, 8А, сондай-ақ байланыс телефондары: 4-90-07, ұялы: 8-776-141-06-33.

Сіздің жағдайыңыз - үкім емес. Көмек жаныңызда. Қиындықпен жалғыз қалмаңыздар.

Шынарай ЖАНҒАБҰЛОВА,
отбасын қолдау орталығының директоры.



**ОТБАСЫН
ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ**

2025 жылдан бастап Мағжан Жұмабаев ауданында өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдар мен отбасыларды ерте анықтап, жан-жақты көмек көрсетуге бағытталған мобильді топтардың жүйесі

ҚАЗАҚСТАНЫМ - ҚАРАШАҢЫРАҒЫМ

Республика күні қарсаңында аудандық архив филиалында экскурсия ұйымдастырылып, оған Булаев қаласындағы кәсіби дайындық және қызмет көрсету колледжінің студенттері қатысты.

КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІ - АРХИВТЕ



Мағжан Жұмабаев ауданының мұрағатында тарихи маңыздылығы қымбат, іріктелген құжаттар жиналған: мекемелердің жұмыс құжаттары, жеке хат-хабарлар, фотосуреттер, карталар, қарталар, аудио-және бейнежазбалар, тарихи баспа материалдары, цифрлық деректер сақталған.

Архив қызметкерлері жастарға мұрағат жайлы сыр шертіп, оның қоғам үшін аса маңызды екенін тілге тиек етті.

Аудандық архив - 1989 жылы 14 қарашада Булаев аудандық атқару комитетінің №206 шешімі негізінде құрылды. 1996 жылы ол мемлекеттік мекеме мәртебесін алды. 2000 жылы Булаев ауданының Мағжан Жұмабаев ауданы болып қайта аталуына байланысты мұрағат қайта тіркелді. 2013-2018 жылдар аралығында ұйымдастырушылық өзгерістер мен қайта атаулар болды.

Бүгінде ұйым «СҚО әкімдігі мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының Солтүстік Қазақстан мемлекеттік мұрағаты» КММ «Мағжан Жұмабаев ауданының филиалы» деп аталады. Осы жылдар ішінде ғимаратқа, жұмыс кабинеттеріне, мұрағат қоймаларына жөндеу жұмыстары жүргізіліп, материалдық-техникалық базасы нығайтылды.

Бұл күні келушілерге аудандық мұрағаттың бірінші басшылары, оның бүгінгі қызметкерлері жайлы ақпарат ұсынылып, мекеменің күнделікті қызметі туралы айтылды.

Бүгінгі таңда архивте 90 мың 360 сақтау бірлігі бар 248 қор бар. Оның ішінде жеке қор - 25, 165 - сақтау бірлігі және 222 фотокүжат бар екен.

Колледж студенттері экскурсияны қызыға тамашалап, архив музейіндегі Мағжан Жұмабаевқа, Абай Құнанбаевқа және ел егемендегі үшін жанын пиде еткен басқа да Алаш қайраткерлеріне арналған жәдігерлерді көріп, Республика күніне орай жасалған стендпен танысты.

Бұл мереке Қазақстанда жыл сайын 25 қазанда атап өтіледі және ол бізге мемлекеттің тәуелсіздіктің қалыптасуы туралы еске салуға, ұлттық бірегейлікті, мәдениет пен тілді бекітуге, сондай-ақ Отанымызға қатыстылық сезімін нығайтуға арналған.

Мұрағатшылар ескең ұрпаққа еліміз егемендік алып, тәуелсіз мемлекет атануына қатысты мәліметтер мен құжаттар архив беттерінде жазылғанын, осылайша, архив ісі ел тарихында өзіндік орны бар мекеме екенін еске салды.

ПАТРИОТТЫҚ САҒАТ

Аудандық балалар кітапханасының кітапханашысы Венера Қуандықова Клебороб орналау мектебінде «Қазақстан - біздің ортақ үйіміз» атты патриоттық сағат ұйымдастырды.

Іс-шараның мақсаты - азаматтық бірегейлікті қалыптастыру, терең патриотизмге тәрбиелеу және ұлтаралық бірлік сезімін нығайту. Қазақстан Республикасының тарихына, мемлекеттік рәміздеріне және бай мәдени мұрасына құрмет көрсету, оның аумағында тұратын барлық этностар үшін ортақ және қонақжай шаңырақ ретіндегі рөлін атап көрсету.

Іс-шара Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын орындаумен басталып, әр қатысушы қолдарын жүрегіне қойып, өз Отанымен мызғымас байланысын сезінді.

Содан кейін кітапханашы тарих беттеріне тоқталып, жиналғандарды мереке тарихымен және Тәуелсіздіктің қалыптасуы туралы мәлімет ұсынды. Ол ежелгі көшпелі дәстүрлерден бастап қазіргі гүлденген мемлекетке дейінгі елдің жүріп өткен жолын суреттеп, бұл ұлы мұра барлық азаматтардың шығу тегіне қарамастан бірлескен еңбегімен жасалғанын атап өтті.

Іс-шара одан өрі қызықты ойын-танымға арналып, патриоттық байқаулармен жалғасты.

«Отан мозаикасы»: балалар фрагменттерге кесілген кескінді құрастыру жылдамдығымен жарысты. Олардың алдына еліміздің ұлы рәміздері - Мемлекеттік ту, айбынды Бәйтерек, қалықтаған бүркіт, футуристік Хан Шатыр жайылып, жиналған «басқатырғыштар» күш біріктіру арқылы ғана еліміздің тұтастығы мен сулулығын көре алатынымызды паш етті.

«Орын тап»: қатысушыларға бос орындарды маңызды объектілердің немесе рәміздердің нақты бейнелерімен толтыра отырып, еліміздің үлкен қартасына көлеңкелі контурлар салу ұсынылды, осылай-

«ҚАЗАҚСТАН - БІЗДІҢ ОРТАҚ ҮЙІМІЗ»



ша оқушылардың Қазақстанның географиясы мен мәдени бағдарларын білу деңгейлері сыналды.

«Интеллектуалды ізденіс»: викторина ойыны тарих пен мәдениетті білуді ғана емес, сонымен қатар ақылдылыққа да қажет етті. Қатысушылар қойылған сұрақтарға жауап бермей, ұсынылған суреттердің ішінен тауып, оларды тиісті бос өрістерге орнатып, ұлттық қазыналардың көрнекі жадын бекітуі керек еді.

Патриоттық сағат «Менің - Тәуелсіз Қазақстаным»

атты кітап көрмесін тамашалаумен аяқталды. Мұнда ұлы тұлғалар, елдің жетістіктері және оның көпұлтты мәдениеті туралы ең үздік басылымдар жиналды.

Кітаптарды шолып өткен соң, қатысушылар естелік суретке түсіп, маңызды мерекенің мән-мағынасын қанықты.

Ирина ГЛЕЙЗНИС,
аудандық балалар кітапханасының
менгерушісі.

МЕРЕКЕ МЕЗЕТІ

Алтын күздің екінші айының бірінші жұлдызында қазыналы қарттарымыздың төл мерекесі аталып өтіледі. Сондай-ақ Қарияларды қолдау айлығы қазан айы бойы жалғасады. Осыған орай Сарытомар Мәдениет үйінде мерекелік іс-шара ұйымдастырылған болатын.

«ҚАРТТАРЫМ – АСЫЛ ҚАЗЫНАМ»



«Қарттарым - асыл қазынам», - деп жазылған жылы сөздер, әсем безендірілген сахна мерекеге жиналған ақ жаулықты аналарымыз бен ақсақалды аталарымызға ерекше қуаныш сыйлады.

Мерекені Мағжан ауылдық округінің әкімі Баян Ботабаева ашып, қарттарымызды құттықтап, ізгі тілектерін арнады.

- Құрметті қарияларымыз! Сіздердің өрбіріңіздің жүріп өткен жолдарыңыз, өткен еңбектеріңіз - ұрпақ үшін үлгі-өнеге.

Ақылы - дария, білімі - теңіз, өмірлік тәжірибесі мол сіздерден тәлім-тәрбие алған іні-қарындастарыңыз өздеріңіз бастаған игілікті істерді жалғастыруда.

Халық арасында аузы дуалы, еңгімесі бөтуалы өздеріңіздей ақсақалдардың барында ел ішінде алауыздықтың орын алмайтыны, жастарымыз жөніс кетпейтіні белгілі.

Сіздерді бүгінгі мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, ұзақ ғұмыр, отбасыларыңызға бақ-береке, ырыс-несібе тілеймін! Қазыналы қарттарымыздың қатары ортаймасын, - деп Баян Жайдарханқызы барлық қарияларға сыйлықтар табыс етті.

Мерекелік шара концерттік бағдарламамен ұласып, дөмеге толы ақ

дастарханда басқосумен жалғасты.

Әсем ән мен тәтті күйге, жылы лебіздерге, игі тілектерге бөленген қариялар осындай керемет көш ұйымдастыруға үлес қосқан «Қызылжар МТС Агро» ЖШС басшысы Нәби Досжанұлына, «Қайсар Агро» ЖШС басшысы Қанат Айтпайұлына, Сартомар орта мектебінің ұжымына, Сартомар Мәдениет үйі мен Мағжан ауылдық округі әкімі аппаратының ұжымына, мерекеді өн шырқап, күй тартқан мектеп оқушыларына, домбырамен өн шырқап, көпшілікті риза қылған мәдени ұйымдастырушы Қайрат Жамбайға алғыстарын білдірді.

Қарттарымыздың өмір жолдары - ұрпақтарға жарқын үлгі, олардың еңбек жолдары - үлкен тәрбие, туған жерге деген сүйіспеншіліктері - өшпейтін өнеге. Қарттарымыздың қатары сиремей, денсаулықтарының арқасында мереке күндері ортамызда аман-сау жүре беруін тілейміз.

Мереке соңында ақсақалды аталарымызбен ақ жаулықты аналарымыз ақ баталарын беріп, көтеріңкі көңіл күймен дән риза болып тарасты.

Ауылымыздың қарттары ерқашанда қамқорлық пен құрмет құшағында ұзақ өмір сүре берсін дейміз.

Гүлнәр ӨТЕЕВА,
Сарытомар ауылы.

29 ҚАЗАН - КӘСІПкерлер күні



КӘСІПкерлер күні - Жаңа кәсіби мереке

Биыл Қазақстанда жаңа кәсіби мереке бекітілді – Кәсіпкерлер күні. Ол жыл сайын 29 қазанда аталып өтеді. Тиісті бұйрық 2025 жылғы 30 шілдеде Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі тарапынан қол қойылды.

Бұл күннің таңдалуы тарихи мәнге ие. Дәл 2015 жылғы 29 қазанда Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі қабылданған болатын. Ол бизнес, инвестиция және бәсекелестік саласындағы негізгі заңдарды біріктіріп, кәсіпкерлікті қолдауға арналған мемлекеттік саясаттың негізін қалады.

Бүгінде елде 2,3 миллионнан астам бизнес субъектісі тіркелген. Кәсіпкерлерді қолдау – экономикалық саясаттың басым бағыты.

Мағжан Жұмабаев ауданы бойынша жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны барлығы - 1154 бірлік. Олардың ішінде: - шағын кәсіпкерліктің заңды тұлғалары - 134 бірлік; - орта кәсіпкерліктің заңды тұлғалары - 2 бірлік; - жеке кәсіпкерлер - 675 бірлік; - шаруа немесе фермер қожалықтары - 343 бірлік. Аудан бойынша мейрамхана және қонақ үй бизнесінің 3 субъектісі бар: «Шаңырақ» қонақ үйі, «Атлантида» қонақ үйі, «ЖК Лысенко В.И.» қонақ үйі.

Мағжан Жұмабаев ауданы бойынша бөлшек сауда кәсіпорындары барлығы 149 дүкен, оның ішінде: ауылдық ок-руттерде - 110 дүкен, Булаев қаласында - 39 дүкен, НПС - 3 дүкен. Өткен жылы 30 тамызда Булаев қаласында аудандағы «Оптовик

ЖК» ірі дүкендерінің бірі – «Оптовик Маркет» ашылды. Жеке кәсіпкер Қайшыбеков Дәурен Бауыржанұлы дүкенді өз қаражаты есебінен ашып, осылайша 25 жұмыс орнын құрды.

Кәсіби мереке – бизнес қоғамдастықтың еліміздегі басты қозғаушы күштердің бірі екенінің дәлелі. Тәуелсіздіктің 34 жылы ішінде кәсіпкерлік қауымдастық экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз етіп, экономикалық реформаларды жүзеге асыруға белсенді қатысуда, әлеуметтік өмірде үлкен рөл атқаруда. Осылайша, мемлекет ел дамуына үлес қосып жатқан бизнес-қоғамдастықтың маңызын ерекше атап өтеді.

Кәсіпкерлер мерекесі жеке ісін бастап, табысқа жеткен, қиындықтарға қарамастан жұмыс орындарын ашып, көптеген адамға көмектескен азаматтарға алғыс білдіріп, құрмет көрсетуге бағытталған.

Осы сәтті пайдалана отырып, аудан кәсіпкерлерін биыл алғашқы рет аталып өтіліп жатқан Кәсіпкерлер күні мерекесімен құттықтап, істеріне сәттілік, бастамаларына табыс және жаңа идеялар тілеймін.

Әділжан ӘЛЖАНОВ,
Мағжан Жұмабаев ауданы
кәсіпкерлік бөлімінің
басшысы.

ВОЛЕЙБОЛ



ЖАРЫС ЖЕҢІМПАЗЫ - ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ

Республика күні мерекесі қарсаңында Булаев қаласындағы Байыр Баян атындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде Мағжан Жұмабаев ауданының күштік құрылымы органдарының қызметкерлері арасында волейболдан аудандық турнир болып өтті.

Мағжан Жұмабаев ауданы полиция бөлімі бастығының кубогі сараңқа салынған турнирге ҚР ҰҚК аудандық бөлімі, төтенше жағдайлар бөлімі мамандандырылған күзет қызметі басқармасының 4-ші взводы, ҚР ҰҚК Шекара қызметі мен полиция бөлімінің командалары қатысты.

Жарыс қызықты әрі тартысты өтіп, нәтижесінде Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімі ауыспалы кубокты жеңіп алып, жарыс жеңімпазы атанды. Мағжан Жұмабаев ауданының полиция бөлімі 2-ші орынды иеленсе,

2-ші ПБ МКҚБ 4-взодының ұжымы 3-ші орынды жеңіп алды.

Жеңімпаз командаға кубок табыс етілсе, жүлдегерлер дипломен және медальдармен марапатталды.

Мұндай спорттық іс-шаралар күштік құрылымдар арасындағы өзара іс-қимылды нығайтуға, салауатты өмір салтын насихаттауға және ұжымдық рухты арттыруға ықпал ететіні сөзсіз.

**Мағжан Жұмабаев ауданының
полиция бөлімі.**

29 ҚАЗАН - КҮЗЕТ ҰЙЫМДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

КҮЗЕТ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ҚАЛТҚЫСЫЗ ЕҢБЕК

Күзет қызметі – қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаратын сала. 29 қазан атаған салада еңбек ететін қызметкерлердің мерекесі. Осыған сәйкес бүгін біз Өзіндік Қазақстан облысы бойынша Мамандандырылған күзет қызметі басқармасы 1-ші батальонының полиция – Оспан Бөкенов жайлы әңгімелейміз.

Ауданымыздағы мемлекеттік және аса маңызды стратегиялық нысандардың қауіпсіздігін «Қазақстан Республикасы ІІМ Солтүстік Қазақстан облысының мамандандырылған күзет қызметі басқармасы» мемлекеттік мекемесі 1-ші полиция батальоны Мағжан Жұмабаев ауданы взводы күзетеді. Біздің кейіпкеріміз дәл осы взводтың құрамында абыройлы қызмет етіп келеді.

Оспан Бейбітұлы 1980 жылы 3 қараша күні Петропавл қаласында дүниеге келген. №4 орта мектепті бітіргеннен кейін бірден ҚР Қарулы Күштері қатарына шақырылып, 1998-2000 жылдары аралығында Алматы, Қапшағай, Талдықорған, Сарыөзек, Семей қалаларында дала санитар-нұсқаушысы лауазымында әскери борышын өтеген.

Старшина атағын алып, еліне аман оралған жас жігіт болашағын әскери қызметпен байланыстыруды көздейді. Осылайша, ол 2001 жылы Булаев қаласында орналасқан күзет қызметіне жұмысқа кіріп, еңбек жолын бастап кетеді.

2005 жылы бұл ұйым мамандандырылған күзет ұйымына айналып, оның қызметкерлері аттестатталған полиция атаанда.

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мамандандырылған күзет қызметі басқарманың негізгі міндеті – стратегиялық маңызы бар нысандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Сол нысандарда қызмет атқаратын полициялар ел тыныштығы үшін күн-түн демей еңбек етіп, кез келген оқиға мен қауіп-қатердің алдын алады.

Біздің қызметіміз өте жауапты әрі маңызды зор. Тәртіп пен адалдық – біздің қызметіміздің басты қағидаты. Негізгі мақсатымыз – халықтың тыныштығын қамтамасыз етіп, елге қалтқысыз қызмет ету. Осы орайда, барлық полиция қызметкерлерін, соның ішінде мамандандырылған күзет басқармасының ұжымын кәсіби мерекемен шын жүректен құттықтаймын, - дейді полиция старшинасы Оспан Бөкенов.

1-ші, 2-ші және 3-ші сыныпты «Тәлімгер» (шебер) сыныптық біліктілігі бар тәжірибелі қызметкер О.Б. Бөкенов Ішкі істер органдарындағы мінсіз қызметі үшін «10 жыл, 15 жыл және 20 жыл мінсіз қызметі үшін» медальдарымен, көп жылғы адал



еңбегі үшін «Қазақстан Полициясына 30 жыл» және «Мамандандырылған күзет қызметі басқармасына 60 жыл» мерейтойлық медальдарымен марапатталған.

Оспан Бейбітұлы үйленген, 2001 жылы Әсел Болатбекқызымен отбасын құрған. Бүгінгі таңда ерлі-зайыптылар Роза есімді қыз, Бауыржан және Әліхан атты ұлдар тәрбиелеп өсіруде.

Саналы ғұмырын күзет қызметіне арнап келе жатқан Оспан Бөкенов анттың адал, бойындағы қайсарлық пен төзімділіктің арқасында темірдей тәртіпті сақтап, еліне қалтқысыз қызмет етіп келеді. Жауапкершілік, байқампаздық, қырағылық сияқты қасиеттерді бойына сіңірген Оспан Бейбітұлы сияқты тәжірибелі полициялар қазір өз міндеттерін қатар жас қызметкерлерге бағыт-бағдар беріп, алғалық кеңесімен бөлісіп тұрады.

Сөз соңында айтармыз, аталған құрылымның ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесінде орны ерекше. Ендеше, қызмет барысында түрлі сын-қатерлерге төтеп беруге дайын тұратын күзет сақшылары кәсіби мерекелерімен құттықтап, мықты денсаулық, бақыт, еңбектеріне табыс тілейміз!

Еркін ТӨЛЕГЕН.

ҚОЛ КҮРЕС

27 қазан күні Петропавл қаласында ерлер мен әйелдер арасында қол күрестен облыс чемпионаты өтіп, оған 80 жуық спортшы қатысты.

ЖАЛПЫКОМАНДАЛЫҚ ЕСЕПТЕ 2-ШІ ОРЫНДЫ ИЕЛЕНДІ



Тартысты кездесулерге толы болған жарыс қорытындысы бойынша Қызылжар ауданы 1-ші орынды жеңіп алса, Мағжан Жұмабаев ауданын жүлделі 2-ші орынды иеленді, ал Петропавл қаласының командасы 3-ші орынды қанағат тұтты.

Аудан намысын абыроймен қорғаған спортшыларды атап өтсек, 60 келі салмақта Аян Күдебаев 2-ші орын, 65 келі салмақта Алексей Тұрмау, 70 келі салмақта Данил Анохин 2-ші орын, 75 келі салмақта Аяз Оразалин 1-ші орын және Григорий Каско 2-ші орын, 80 келі салмақта Дмитрий Тыртышный 1-ші орын, 85 келі салмақта Иван Шевелев, 90 келі салмақта Антон Чердынцев 3-ші орын, 100 келі салмақта Максим Аза-

ренко, 110 келі салмақта Виктор Тұрмау, +110 келі салмақта Нұрсұлтан Смаилов 1-ші орын, +110 келі салмақта Сағынтай Майласов 2-ші орын иеленді.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер медальдармен және грамоталармен марапатталса, чемпиондарға демеуші - «Маяк» дәмханасы сыйлық жасады.

Жалпыкомандалық есепте жүлделі 2-ші орынды жеңіп алуға атсалысқан барша спортшыларға алғыс айтып, мықты денсаулық, отбасыларына амандық пен жарыстарда жеңіс пен сәттілік тілеймін!

Қанат МҰСАТАЕВ,
дене шынықтыру және спорт
бөлімінің басшысы.

ЗАҢ МЕН ТӨРТІП

2025 жылдың 20 қазаны мен 19 қараша аралығында Мағжан Жұмабаев аумағында «Браконьер» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілуде.

«БРАКОНЬЕР» ЖПІШ



Іс-шараның басты мақсаты - заңсыз аңшылық жасаумен қатар балық аулауға және жануарлар дүниесі объектілерінің, заңсыз сауданы анықтау мен жолын кесу, сондай-ақ, қоршаған ортаны қорғау бағытындағы шараларды күшейту болып табылады.

Атап айтқанда, полиция браконьерлікті анықтау үшін аңшылық шаруашылықтары мен алқаптарды патрульдеумен айналысады. Соның

ішінде аң аулау үшін аймаққа келген шетелдіктер арасында. Жолдардағы патрульдер қару мен патрондарды сақтауға және алып жүруге рұқсат беру құжаттарының, сондай-ақ аң аулау, балық аулау, ағаш кесу, ағаш дайындау құқығына тиісті құжаттардың болуын тексереді.

Полиция қызметкерлері табиғатты қорғау органдарымен бірлесіп, өңірдің табиғи ресурстарын сақтау мақсатында рейдтік іс-шаралар мен тексерістер жүргізеді.

Осыған орай полиция табиғатты қорғау заңнамасын бұзған ербір әрекет өкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылатынын ескертеді.

Мағжан Жұмабаев ауданының тұрғындарын табиғатты аялауға, оған қамқор болуға шақырамыз.

Ерлан ШӘКІРОВ,
Мағжан Жұмабаев ауданы полиция бөлімі Қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің бастығы, полиция подполковнигі.

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНДА
ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАҢЫЗДАР!

Суық ауа райының басталуымен үйлер мен пәтерлерде жылыту құрылғылары, пештер, каминдер белсенді қолданыла бастайды. Дәл осы кезеңде өрт қаупі едәуір артады.

Жылыту маусымындағы өрттің негізгі себептері:

- ақаулы пештер, мұржалар және электр сымдары;
- үйде жасалған немесе зақымдалған жылытқыштарды пайдалану;
- электр желілерінің шамадан тыс жүктелуі;
- қараусыз қалған аспаптар;
- жанғыш материалдарды жылу көздерінің жанында сақтау.

Қиындықты болдырмау үшін біз қарапайым, бірақ өмірлік ережелерді еске саламыз:

1. Жылыту маусымы басталмас бұрын пештер мен мұржаларды тексеріп, оларды күйзелен уақытылы тазалаңыз.
2. Ақаулы электр құрылғыларын пайдаланбаңыз және бірден бірнеше қуатты құрылғыларды қосу арқылы желіні шамадан тыс жүктемеңіз.
3. Жылытқыштар мен пештерді, әсіресе



түнде қараусыз қалдырмаңыз.

4. Жылу көздерінен жиһаз, перделер және басқа да жанғыш материалдарды алыс сақтаңыз.

5. Балаларға қауіпсіздік ережелерін түсіндіріп, жылыту құрылғыларының жанында ойнауға тыйым салыңыз.

Есіңізге болсын: өртті соңдируден гөрі алдын алу оңайырақ. Сақ болыңыз, үйіңізге және жақындарыңызға қамқорлық жасаңыз!

Мағжан Жұмабаев ауданының
төтенше жағдайлар бөлімі.

КОНКУРС

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің аппараты» КММ мемлекеттік меншіктегі және жер пайдалануға 10 жыл мерзімге берілмеген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелеріне уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша конкурс өткізеді.

«Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің аппараты» КММ хабарламаның (хабарлама) бірінші жариялымынан күнтізбелік отыз күн кезеңі бойынша конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау басталады. Осы конкурсқа қатысуға өтінімдер өтінімдерді қабылдау басталған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде қабылданады. 2025 жылғы 01 желтоқсаннан бастап 2025 жылғы 22 желтоқсанға дейінгі кезеңде өтінімдерді қабылдау жүзеге асырылады. Нәтижелерді шығарған күн конкурстың соңғы күні болып саналады. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді беру мерзімі аяқталғаннан кейін келесі күні конкурстың нәтижесі шығарылады.

Конкурстың өтетін орны және күні, уақыты: СҚО, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 56, 2-қабат, отырыс залы мекенжайы бойынша Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің ғимаратында 2025 жылдың 23 желтоқсандағы 10 сағат 00 минутта конкурстың нәтижелері шығарылады.

Конкурстың шарттары:
Шаруа немес фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша конкурсты жер комиссиясы ҚР Жер Кодексінің 43 бабының 2 тармағына сәйкес өткізеді.

Шаруа немес фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінім міндетті түрде тіркеу нөмірі беріліп және өтінім берушіге хабарлама беріле отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қағаз жеткізгіште немесе «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беріледі.

Шаруа немес фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және есімінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстың ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немес фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Конкурстың ұсыныста болу керек:
1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылық ішкілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын

дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қолға алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының өгіс алаңдары құрылымын ертарпаңдандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстың ұсыныс, беттері немірленіп, тігінген түрде, жабық конвертте ұсынылады. Талаптарына сәйкес келмейтін, шаруа немес фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінім қабылдамай тастауға жатады.

Конкурстың өтінімдері «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының жер қатынастары бөлімі» КММ-не 2025 жылғы 22 желтоқсанда сағат 18:30-дан кешіктірмей: 150800, Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 31, мекен жайы бойынша қолма-қол, веб-портал арқылы немесе пошта арқылы беріледі.

Конкурстың өткізу тәртібі туралы мәліметтерді және қосымша ақпаратты Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің www.mzh.sko.gov.kz, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы жер қатынастары бөлімі» КММ www.gov.kz/memleket/entities/sko-mzh-zher-saitтарында немесе 8 (715-31) 2-03-75, 8 (715-31) 2-08-33 телефондары бойынша алуға болады.

Лот №	Алқаптардың құрамы	Алаңы, га	Бонитеттің орташа көтерілген балы	Жер учаскесінің орналасқан жері	Топырақтың сапалық сипаттамасы	Суммен қамтамасыз етілуі	Өңірдің ауылшаруашылық мамандануы
1	Ерістік жерлер: 6 өрісі - 61 га, орман алқаптары-1,6 га. Ерістік: 53 өрісі - 45,9 га.	108,5	49,0	Бастомар ауылдық округі, Молодогвардейское ауылдық округі	қарапайым қара топырақтар	Қанағаттанарлық	Ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру
2	Табиғи жайылымдар: қос28-11га өрісі, қос29 - 19га өрісі, қос30 - 7га өрісі, қос33 - 3 га өрісі, қос32 өрісі, 2-3/115 өрісі, қос34 өрісі, қос38 - 9га өрісі, қос34 - 4га өрісі, қос32 - 7га өрісі, қос37 - 11га өрісі, қос35 - 3 га өрісі, өріс өрісі 36-24г.	213	28,0	Қоңохов ауылдық округі	қарапайым қара топырақтар	Қанағаттанарлық	Мал шаруашылығын дамыту
3	Табиғи жайылымдар: қос63-45га өрісі, қос58-57га өрісі, жолдар-1га.	103	28,0	Қоңохов ауылдық округі	қарапайым қара топырақтар	Қанағаттанарлық	Мал шаруашылығын дамыту
4	Табиғи жайылымдар: қос20-58га өрісі, қос61-136га өрісі, жақсартылған жайылымдар: 6-7/21га өрісі, 6-5/56га өрісі, 5-13/30га өрісі, 6-8/1га өрісі, батпақтар - 120га.	422	11,0	Қоңохов ауылдық округі	қарапайым қара топырақтар	Қанағаттанарлық	Мал шаруашылығын дамыту
5	Жайылымдар табиғи: өріс қос59 - 85г.	85	17,0	Қоңохов ауылдық округі	қарапайым қара топырақтар	Қанағаттанарлық	Мал шаруашылығын дамыту
6	Табиғи жайылымдар: өрісі 8-248 га, жақсартылған жайылымдар: өрісі 1-14 га, өрісі 5 - 9 га, өрісі 6-6 га, өрісі 2-3 га, өрісі 3-10 га, өрісі 7-2 га, өрісі 4-4 га, батпақтар-5 га, су астында-2 га, жолдар - 5 га, басқалары-40 га.	348	27,0	Чистов ауылдық округі	қарапайым қара топырақтар	Қанағаттанарлық	Мал шаруашылығын дамыту
7	Ерістік: 9 өрісі - 77,9 га, жолдар-0,1 га	78	33,0	Ұзынкөл ауылдық округі	қарапайым қара топырақтар	Қанағаттанарлық	Ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру
8	Ерістік: 10 өрісі - 31 га.	31	42,0	Ұзынкөл ауылдық округі	қарапайым қара топырақтар	Қанағаттанарлық	Ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру

АШЫҚ ЖИНАЛЫСТАР НЫСАНЫНДА ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«Чистовский» ЖШС 04.12.2025 жылы сағат 10:00-де СҚО Мағжан Жұмабаев ауданы Чистовское ауылында орналасқан 2026-2035 жылдарға арналған СҚО Мағжан Жұмабаев ауданы Чистовское ауылында орналасқан «Чистовский» ЖШС қауіпті емес қалдықтарды жою объектісінің шығарындылардың рұқсат етілген нормативтерінің жобасы бойынша, 2026-2035 жылдарға арналған СҚО Мағжан Жұмабаев ауданы Чистовское ауылында орналасқан «Чистовский» ЖШС қауіпті емес қалдықтарды жою объектісінің қалдықтарын басқару бағдарламасы бойынша, 2026-2035 жылдарға арналған СҚО Мағжан Жұмабаев ауданы Чистовское ауылында орналасқан

«Чистовский» ЖШС қауіпті емес қалдықтарды жою объектісінің өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы бойынша, СҚО Мағжан Жұмабаев ауданы Чистовское ауылында орналасқан «Чистовский» ЖШС қауіпті емес қалдықтарды жою объектісінің қоршаған ортаны қорғау жөніндегі 2026-2035 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бойынша ашық жиналыстар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды. Мекен жайы: Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Чистовское ауылы, Центральная көшесі, 31 Б ғимараты, акт залы, 2 қабат.

Қоғамдық тыңдаулар аралас формат-

та өткізіледі (Google Meet платформасында ашық жиналыс және бейнеконференциялар). Конференцияға мына сілтеме бойынша қосылуға болады: meet.google.com/jkh-ektg-wgd.


«Чистовский» ЖШС бастамашысы: СҚО, Мағжан Жұмабаев ауданы, Чистовский ауылы, Центральная көшесі, 31 Б, тел. 8-7058420872.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші – ЖК Попов В.А.: СҚО, Петропавл қаласы, Ы. Алтынсарин атындағы көше, 168Б, 106 к., тел. 8-777-922-28-22.

Жобалық құжаттама Бірыңғай экологиялық порталында <https://ndbecology.gov.kz> және

ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-labiqat> «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған.

Жоспарланған іс-шаралар туралы ақпарат алуға және құжаттардың көшірмесімен танысуға болатын байланыс телефондары: ecolod_85@mail.ru, 8-777-922-28-22. Мүдделі жұртшылықтың ескертпелері мен ұсыныстары Петропавл қаласы, Парковая көшесі, 57Б мекен жайы бойынша орналасқан «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» КММ, тел. 8-7152-53-36-38, dpr@sko.gov.kz қабылданады.



Дүйсенбі, 3 қараша	Сейсенбі, 4 қараша	Сәрсенбі, 5 қараша	Бейсенбі, 6 қараша	Жұма, 7 қараша	Сенбі, 8 қараша	Жексенбі, 9 қараша
-----------------------	-----------------------	-----------------------	-----------------------	-------------------	--------------------	-----------------------

QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
06.00 ӨНҰРАН. 06.05 «ІНЖУ-МАРЖАН». 07.00 «TANSHOLPAN». 09.00 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 01.45 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН». 12.10, 04.55 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 13.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 14.10, 03.00 «АПТА». 15.00 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 16.00, 00.10 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР». 17.20, 01.00 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ. 20.30 Т/Х «ЖҮРЕКТЕГІ МҮЗ». 22.20, 02.15 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 «1001 ТҮН». 03.55 «САНА». 05.30 «АУЫЛДАСТАР».	06.00 ӨНҰРАН. 06.05, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00 03.40 АҚПАРАТ. 06.35 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 07.00 «TANSHOLPAN». 09.00 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.10, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН». 12.10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 13.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 14.25 «КОС ПАЛАТА». 14.45 «ӘЛЕМ ЖӨНЕ БІЗ». 15.05 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 16.00, 00.10 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР». 17.20, 03.00 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ. 20.30 Т/Х «ЖҮРЕКТЕГІ МҮЗ». 22.20, 04.10 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 «1001 ТҮН». 00.50 ФУТБОЛ. 04.50 «АУЫЛДАСТАР».	06.00 ӨНҰРАН. 06.05, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 04.30 АҚПАРАТ. 06.35 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 07.00 «TANSHOLPAN». 09.00 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.10, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН». 12.10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 13.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 14.20 «ЗАҢ АЛДЫНДА». 14.40 Д/Ф. 15.20 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 16.00, 03.00 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР». 17.20, 03.50 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ. 20.30 Т/Х «ЖҮРЕКТЕГІ МҮЗ». 22.20, 05.00 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 «1001 ТҮН». 00.20 ФУТБОЛ.	06.00 ӨНҰРАН. 06.05 ФУТБОЛ. 07.00 «TANSHOLPAN». 09.00 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 04.15 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН». 12.10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 13.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 14.20 «ЖҮЛДІЗДЫ ЖҮЗДЕСУ». 15.00 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 16.00, 00.10 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР». 17.20, 03.00 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ. 20.30 Т/Х «ЖҮРЕКТЕГІ МҮЗ». 22.20, 04.50 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 «1001 ТҮН». 00.50 ФУТБОЛ. 03.40 ЖҮЛДІЗДЫ ЖҮЗДЕСУ. 05.30 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӨНҰРАН. 06.05 ФУТБОЛ. 07.00 «TANSHOLPAN». 09.00 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 02.30 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН». 12.10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 13.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 14.20 «БӨРКЕЛДІ». 15.40, 03.40 ЗАҢ АЛДЫНДА. 16.00, 00.55 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР». 17.20, 01.45 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ. 20.30 Т/Х «ЖҮРЕКТЕГІ МҮЗ». 22.20, 03.00 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 «УНАЙДЫ МАҒАН». 23.20 «1001 ТҮН». 00.20 НАРАСАТ МАЙДАНЫ. 04.00 САНА. 05.00 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӨНҰРАН. 06.05 АҚПАРАТ. 06.30 Т/Х «БІЗБЕН БІРГЕ». 07.15, 17.00, 01.15 ФУТБОЛ. 08.05 М/Ф. 08.50, 02.50 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 09.50, 12.00, 20.00 «УНАЙДЫ МАҒАН». 10.00, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН». 14.15 Т/Х «КӨРШІНІҢ ҚЫЗЫ». 15.10 КОНЦЕРТ. 17.20, 01.35 КОС ПАЛАТА. 17.40, 01.55 ӘЛЕМ ЖӨНЕ БІЗ. 21.50 Т/Х «ЖҮРЕКТЕГІ МҮЗ». 22.45 «БІРЖАН САЛ», Х/Ф. 02.15 Д/Ф. 03.50 «ӘЛЕМДІ ӨЗГЕРТКЕН КЕМЕ АПАТТАРЫ», Д/Ф. 04.35 «АУЫЛДАСТАР».	06.00 ӨНҰРАН. 06.05 АҚПАРАТ. 06.25 Т/Х «БІЗБЕН БІРГЕ». 07.15 М/Ф. 08.05, 16.40 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 09.00 «АҚСАУЫТ». 09.20, 01.40 ТЕЛЕДӘРІПЕР. 10.00, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН». 12.00 «УНАЙДЫ МАҒАН». 14.15 «ТЕМІРЖОЛШЫ». 14.45 Т/Х «КӨРШІНІҢ ҚЫЗЫ». 20.00, 00.40 АПТА. 20.50, 01.30 АҚОРДА. 21.00 Т/Х «ЖҮРЕКТЕГІ МҮЗ». 21.55, 02.55 БӨРКЕЛДІ. 23.25 «НАРТӨУЕКЕЛ». 02.10 «КУМИС КОМЕЙ». 04.05 «ӘЛЕМДІ ӨЗГЕРТКЕН КЕМЕ АПАТТАРЫ», Д/Ф. 04.50 «АУЫЛДАСТАР».

Дүйсенбі, 3 қараша	Сейсенбі, 4 қараша	Сәрсенбі, 5 қараша	Бейсенбі, 6 қараша	Жұма, 7 қараша	Сенбі, 8 қараша	Жексенбі, 9 қараша
-----------------------	-----------------------	-----------------------	-----------------------	-------------------	--------------------	-----------------------


ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00, 16.00 Т/Х «ВОСТОЧНЫЕ СЛАДОСТИ». 07.00 ОЯН. 10.00, 18.00 НОВОСТИ. 10.10 ГЛОБАЛЬНЫЕ СОБЫТИЯ. 10.30 М/Ф. 11.00 «ШЕБЕРЛЕР ШАЙҚАСЫ». 12.00, 20.00 Т/Х «ҒАШЫҚТЫҢ ТІЛ». 13.45, 21.45 Т/Х «ЖАРЫҚ КҮН». 14.30 ХАҚЫҢ БАР. 14.50, 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 15.00 ӨЗЕКПІ. 15.30 АЙТЫС АЙНАСЫ. 18.30 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 19.00 ЖЕР-ЖАҒАН. 22.40 КЕШРЕС. 23.40 КОНЦЕРТ. 01.40 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.40 ҚР ӨНҰРАНЫ.	05.00, 16.00 Т/Х «ВОСТОЧНЫЕ СЛАДОСТИ». 07.00 ОЯН. 10.00, 18.00 НОВОСТИ. 10.10 PRESIDENT. 10.30 М/Ф. 11.00 «БЕГОМ ЗА ДЕНЬГАМИ». 12.00, 20.00 Т/Х «ҒАШЫҚТЫҢ ТІЛ». 13.45, 21.45 Т/Х «ЖАРЫҚ КҮН». 14.30 ӘЛЕУМЕТ. 14.50, 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 15.00 ӨЗЕКПІ. 15.30 ДӘСТҮР. 18.30 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 19.00 ЖЕР-ЖАҒАН. 22.40 КЕШРЕС. 23.40 КОНЦЕРТ. 01.40 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.40 ҚР ӨНҰРАНЫ.	05.00, 16.00 Т/Х «ВОСТОЧНЫЕ СЛАДОСТИ». 07.00 ОЯН. 10.00, 18.00 НОВОСТИ. 10.10 НАРОДНЫЙ КОН- ТРОЛЬ. 10.30 М/Ф. 11.00 «БЕГОМ ЗА ДЕНЬГАМИ». 12.00, 20.00 Т/Х «ҒАШЫҚТЫҢ ТІЛ». 13.45, 21.45 Т/Х «ЖАРЫҚ КҮН». 14.30 БІЗДІҢ НАЗАРДА. 14.50, 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 15.00 ӨЗЕКПІ. 15.30 КӨЗҚАРАС. 18.30 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 19.00 ЖЕР-ЖАҒАН. 22.40 КЕШРЕС. 23.40 КОНЦЕРТ. 01.10 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.10 ҚР ӨНҰРАНЫ.	05.00, 16.00 Т/Х «ВОСТОЧНЫЕ СЛАДОСТИ». 07.00 ОЯН. 10.00, 18.00 НОВОСТИ. 10.10 НЕОСЕТЬ. 10.30 М/Ф. 11.00 «БЕГОМ ЗА ДЕНЬГАМИ». 12.00, 20.00 Т/Х «ҒАШЫҚТЫҢ ТІЛ». 13.45, 21.45 Т/Х «ЖАРЫҚ КҮН». 14.30 НЕОСАНА. 14.50, 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 15.00 ӨЗЕКПІ. 15.30 ӨСЕМ ӨНДЕР. 18.30 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 19.00 ЖЕР-ЖАҒАН. 22.40 КЕШРЕС. 23.40 КОНЦЕРТ. 01.40 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.40 ҚР ӨНҰРАНЫ.	05.00, 16.00 Т/Х «ВОСТОЧНЫЕ СЛАДОСТИ». 07.00 ОЯН. 10.00, 18.00 НОВОСТИ. 10.10 КУЛЬТУРНЫЙ КОН- ТЕКСТ. 10.30 М/Ф. 11.00 «БЕГОМ ЗА ДЕНЬГАМИ». 12.00, 20.00 Т/Х «ҒАШЫҚТЫҢ ТІЛ». 13.45, 21.45 Т/Х «ЖАРЫҚ КҮН». 14.30 АРНАЙЫ РЕПОР- ТАЖ. 14.50, 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 15.00 ӨЗЕКПІ. 15.30 ӨСЕМ ӨНДЕР. 18.30 ҚОҒАМ ПІКІРІ. 22.40 ОЙНАУ. 23.40 КОНЦЕРТ. 01.40 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.40 ҚР ӨНҰРАНЫ.	05.00 МАНДАЙ ТЕР. 06.15 КІМ МЫҚТЫ? 07.30, 16.15 ӨСЕМ ӨНДЕР. 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 АЗАМАТ. 11.15 ӨМІР ӨРНЕП. 12.15 «ЗВЕЗДНЫЙ ПУТЬ», Х/Ф. 14.45 М/Ф «КАСТИР: ШКОЛА СТРАХА». 16.00 М/Ф «ЦАРЕВНА И ДРАКОН». 17.00 КИЗЖЕК-ЖЕК АЙТЫС. 19.45 АЛҒАШҚЫ. 20.45 КИЗЖЕК-ЖЕК АЙТЫС. 22.00 7 КҮН. 23.00 «СЕКРЕТНАЯ ШТАБ-КВАРТИРА», Х/Ф. 01.30 ҚР ӨНҰРАНЫ.	05.00 МАНДАЙ ТЕР. 06.15 КІМ МЫҚТЫ? 07.30, 16.15 ӨСЕМ ӨНДЕР. 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 АЗАМАТ. 11.15 ӨМІР ӨРНЕП. 12.15 «ЗВЕЗДНЫЙ ПУТЬ», Х/Ф. 14.45 М/Ф «КАСТИР: ШКОЛА СТРАХА». 16.00 М/Ф «ЦАРЕВНА И ДРАКОН». 17.00 КИЗЖЕК-ЖЕК АЙТЫС. 18.15 «БЫШАРАШКИ», Х/Ф. 20.00 THE VOICE КАЗАКСТАН. 22.00 7 КҮН. 23.00 «СЕКРЕТНАЯ ШТАБ-КВАРТИРА», Х/Ф. 01.00 ҚР ӨНҰРАНЫ.

Дүйсенбі, 3 қараша	Сейсенбі, 4 қараша	Сәрсенбі, 5 қараша	Бейсенбі, 6 қараша	Жұма, 7 қараша	Сенбі, 8 қараша	Жексенбі, 9 қараша
-----------------------	-----------------------	-----------------------	-----------------------	-------------------	--------------------	-----------------------

ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ
06.00, 02.50 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАКСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАКСТАН! 10.00 Т/С «ЛУЧШЕ ВСЕХ». 14.10, 02.30 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.35 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «НЕВСКИЙ». РАСПЛАТА ЗА СПРАВЕДЛИВОСТЬ». 01.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 02.50 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАКСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАКСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 12.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 13.00 Т/С «ЛЮБИТЬ И НЕ НАВИДЕТЬ». 14.10, 02.30 НОВОСТИ. 14.20, 02.40 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.35 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «НЕВСКИЙ». РАСПЛАТА ЗА СПРАВЕДЛИВОСТЬ». 01.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 02.50 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАКСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАКСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 12.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 13.00 Т/С «ЛЮБИТЬ И НЕ НАВИДЕТЬ». 14.10, 02.30 НОВОСТИ. 14.20, 02.40 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.35 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «НЕВСКИЙ». РАСПЛАТА ЗА СПРАВЕДЛИВОСТЬ». 01.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 02.50 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАКСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАКСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 12.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 13.00 Т/С «ЛЮБИТЬ И НЕ НАВИДЕТЬ». 14.10, 02.30 НОВОСТИ. 14.20, 02.40 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.35 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «НЕВСКИЙ». РАСПЛАТА ЗА СПРАВЕДЛИВОСТЬ».	06.00, 03.20 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАКСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАКСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 12.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 13.00 Т/С «ЛЮБИТЬ И НЕ НАВИДЕТЬ». 14.10, 03.00 НОВОСТИ. 14.20, 03.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 04.05 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 ПАРЛАМЕНТ ONLINE. 20.55 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.15 Т/С «РАСПЛАТА ЗА СЧАСТЬЕ».	06.00 ТОЙ БАЗАР. 07.00, 03.40 «П@УТИНА». 09.00 «ПРИТВОРИШКИ», Х/Ф. 11.15 Т/С «КЛЯНУСЬ ЛЮБИТЬ ТЕБЯ ВЕЧНО». 16.15 ОАЙМАК. 17.00 ЖҮЛДІЗДЫ ЖОЛ. 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 20.00 АСАУ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.35 «ЗАМ МЕН ЕЛ». 21.00 «МОСТАЗ». ДЕЛО №11. РОЗЫГРЫШ», Х/Ф. 01.45 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 ТОЙ БАЗАР. 07.25, 03.05 «П@УТИНА». 09.35 «ПОВАРА НА КОЛЕСАХ». 10.40 Т/С «ПЕРАСКРЫТЫЙ ТАЛАНТ». 15.20 «ДВЕ ЗВЕЗДЫ. СЕМЕЙНЫЙ ПОДРЯД». 17.45 «ТАНГО МОТЫЛЬКА», Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.50 Т/С «МОСТАЗ». ДЕЛО №11. РОЗЫГРЫШ». 01.40 ЧТО? ГДЕ? КОГДА?

- Ел боламын десең, бесігіңді түзе!
- Ұлы адамдардың еңбегі - мәңгілік
тағалымының көзі.
- Адамның шыншылдығы - оның жүрегінің
тазалығында.

Мұхтар ӘУЕЗОВ.



БАСПАСӨЗ - 2026

ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

Құрметті «Мағжан жұлдызы» газетінің оқырмандары!

Сіздерге 2026 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатқанын хабарлаймыз.

Газетке аудандық пошта және газет редакциясында жазылуға болатынын еске саламыз.

Газетке жарты жылға жазылу бағасы -
жеке тұлғалар үшін - 2185 теңге,
санды тұлғалар үшін - 3373 теңге.

Анықтама телефоны:
пошта - 2-17-80.
редакция - 2-21-35.

САЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ

ЕЛІМІЗДЕ ЖҮРГІЗУШІ КУӘЛІГІН
АЛҒАШ РЕТ РӘСІМДЕУ ТӘРТІБІ ӨЗГЕРДІ



Қазақстанда жүргізуші куәлігін алғаш рет рәсімдеу тәртібі өзгерді

В Казахстане изменен порядок оформления первичных водительских удостоверений



Жүргізуші куәлігін алғаш рет алу қызметі енді «ЦОН» мобильді қосымшасы арқылы қолжетімді болды. Бұл туралы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының баспасөз қызметі хабарлады.

Енді алғаш рет жүргізуші куәлігін алғысы келетін азаматтар өтінішті мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығына бармай-ақ, тікелей «ЦОН» мобильді қосымшасы арқылы бере алады. Жүйе медициналық анықтамасының бар-жоғын, автоматтәпті аяқтау туралы куәлігін және шектеулердің болуын мемлекеттік деректер базасы арқылы автоматты түрде тексереді.

«Өтініш жіберілгеннен кейін азамат өзіне ыңғайлы уақытта теориялық және практикалық емтихандарға жазыла алады. Осылайша, мемлекеттік баж төлемі емтихандарды сәтті тапсырған соң мамандандырылған ҚХО бөлімінде төленеді. Бұл тәсіл рәсімдеу процесін ыңғайландырып, азаматтар үшін анағұрлым қолайлы жағдай жасайды», — делінген хабарламада.

Пилоттық жоба ішкі істер министрлігі мен Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің бірлескен бұйрығы аясында жүзеге асып жатыр.

Құжат жүргізуші куәліктерін беру тәртібін жаңартып, цифрлық технологияларды кеңінен енгізуге бағытталған.

Қазіргі уақытта жаңа қызмет еліміздің барлық өңірінде қолжетімді. Пилоттық жобаның мерзімі 2026 жылдың 1 қыркүйегіне дейін белгіленген. Осы кезеңде қызметтің тиімділігі мен қолайлылығы бағаланып, талдау нәтижесінде жаңа тәртіпті тұрақты түрде енгізу мәселесі қаралады.

Сонымен қатар, «ЦОН» мобильді қосымшасы болашақ жүргізушілерге қосымша мүмкіндіктер ұсынады: қолданушылар теориялық және практикалық емтихандарға, сондай-ақ сынақ емтиханына жазыла алады. Бұдан бөлек, қосымшада көлік сатып алу-сату шартын рәсімдеу, автокөлік тарихын тексеру және өзге де электрондық қызметтерді пайдалану сияқты пайдалы функциялар қамтылған.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КОНЦЕРТ

КОНЦЕРТКЕ КЕЛІҢІЗДЕР

7-қараша 18:00

«Мен сені сүйем өмір» атты қайырымдылық концертінен түскен қаржы Азамат Құрманбекұлының еміне және анасының екі көз жанарын емдеуге жұмсапады.

Азамат Құрманбекұлы

Азамат_kurmanbek90

Мен сені сүйем өмір

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КОНЦЕРТІ

Аудандық мәдениет үйі Билет бағасы 1500тг

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН ПОРТАЛ

ELJASTARY 14+

Құрметті мағжандық жастар, елімізде «EL JASTARY» бірінші ақпараттық интернет-ресурсы жаңы істейтінін жеткізеді!

Бұл портал - арнайы жастар үшін, сондай-ақ жастар саясатын жүзеге асыруға мүдделі барша тұлға үшін құрылған.

«Жастар» ЖОО» бөлімінде сіз «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының қызметімен, компанияның тағайындау және қызметкерлерімен таныса аласыз. Сонымен қатар, бұл бөлімде сіз орталық жүргізушілер нәтижелерін, жаңалық диджіестерін, инфографика мен «Қазақстан жастары» ұлттық баяндамаларын таба аласыз.

«Жастарға арналған мүмкіндіктер» бөлімінде сіз емханаға қалай тіркелу, университетке қалай іріктелу тәсілдерін, баспа қаржылық сауаттылыққа дейінгі өмірдің түрлі саласындағы сұрақтарға жауап ала аласыз.

Егер жақын жердегі Жастар ресурстық орталығын тапқаныңыз келсе немесе сіз жастармен жұмыс істейтін ұйымның қызметкері болсаңыз, онда «Жастар ресурстық орталықтары» бөлімінде өзекті ақпарат және Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін барлық ЖРО-лардың интерактивті картасын таба аласыз.

Сұрақ немесе ұсынысыңыз бар ма? Бізге info@eljastary.kz электрондық поштамына хат жазыңыз.

Ізденіміңізді порталымыздан табасыз деп сенеміз!

Мағжан Жұлдыз аудандық жастар ресурстық орталығы.

Директор - бас редактор Пейі Г.ОПЧАР	Редакцияның мекен жайы: 150800 Сүгітүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Бұлаев көшесі, Батыр Баян көшесі, 13 үй. Тел: 2-17-49. Баспадан индекс 65360 e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz	Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады. Жазылу индексі - 65360	«Мағжан жұлдызы» газеті редакцияда теріліп беттеледі. «Сенерный Казахстан» баспаханасында басылады. (Петропавл қ., Коллукон к-сі, 5 үй). Тарауымы - 450	Газет аудан өкілдерінің, аудандық мәдениеттің тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудің ресми басылым болып табылады.
---	--	--	--	--

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізін беру мәселесі жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады.